

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі

№6 (басылым 2016 жылдың 24 қазанынан бастап шығады)

«Болмасаң да ұқсап бақ...»

(Абай)

КӨЗАЙЫМ



Мектеп газетінің назарында:

Жағымды жаңалықтар легі...

Сүйінші!!! Жеңімпаздар қатары көбейді!

- Қалалық Абай оқуларының жүлдегерлері
 - «Жаңа жұлдыз» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының II Халықаралық фестиваль-байқауының жеңімпаздары

- Білікті ұстаз – мектеп тірегі
- Ұстаздар Алғыс хаттармен марапатталды
- Сынып сағаттары.

«Бастауышым - балбұлағым» апталығында...

«Көзайым» қоржынынан...

Онлайн-сұхбат.

Өңір тарихы– ұрпақтар тамыры

Жағымды жаңалықтар легі...

ЖЕҢІМПАЗДАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ

Сәуірдің 28-30-ы аралығында Астана қаласындағы Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалы-драма театрында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жаңа жұлдыз» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының ІІ Халықаралық фестиваль-байқауы өз мәресіне жетті. Аталмыш мәдени-шараның өтуіне Қазақстанның бірегей ұлттық жобасы - «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінің ашылу қарсаңына орай ұйымдастырылды.

Оған Павлодар қаласынан №3 балалар музыка мектебінің тәлімгерлері де қатысты. Өнер көрсеткен топтың құрамында №2 жалпы орта білім беру мектебінің 6 сынып оқушысы Ескенова Камила мен 4 «Ә» сынып оқушысы Сыздық Дана да болды. Камила музыкалық шығармаларды соло, ансамбль және квинтетте орындаудан І орындарды жеңіп шықса, Дана

қызымыз ансамбльде орындаудан І, солодан ІІ орындарды иеленіп, қоржындары майлы



оралды.

А.МОЛДАШ.

БІЛІКТІ ҰСТАЗ – МЕКТЕП ТІРЕГІ

№2 ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімдері қалалық білім бөлімінің алғыр ұстаздар арасында өткізген кезекті сайысындағы алғашқы қадамын І орынға ие болудан бастады.



«АБАЙ ОҚУЛАРЫНЫҢ» ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ АТАНДЫ

Сәуірдің 25 –і күні №35 жалпы орта білім беру мектебінде өткен қалалық «Абай оқулары» байқауына мектебімізден үш оқушы қатысып, екеуі жүлделі орындарға ие болды.



Олар: 4 «ә» сынып оқушысы Амангелді Сания, 3 «а» сынып оқушысы Дюсембай Аида және 3 сынып оқушысы Қуаныш Диас. Қазылар алқасының құрамына №2 жалпы орта білім беру

ТАҒЫ ДА І ОРЫН!

Жақында «XVIII Махамбет жыры» қалалық байқауы өтті. Оған №2 мектептен 4 оқушы қатысып, 10 «а» сыныбының оқушысы Ахан Жұрағат I орынға ие болды.

Ал байқау барысында білімдері мен тамаша қабілеттерін байқатқан 10 «а»

ПМУ РЕКТОРЫНЫҢ ГРАНТЫНА ИЕ БОЛДЫ

Жалпы орта білім беру мектептерінің 11 сынып оқушылары арасында өткізілген С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ректорының гранты иегерлігіне I облыстық «PSU VOICE» байқау-фестиваліне



мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Қорлығайын Советқызы Табулова шақырылса, оқушыларымыздың аталмыш шараға қатысуын бастауыш сынып мұғалімі А.Молдаш қамтамасыз етті.

Байқауға 30-ға жуық қалалық және қала маңындағы ауыл мектептерінен талантты шәкірттер қатысып, бақ сынасты.

Абай өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқудан «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы...» аталымында ақынның 25 өлеңі мен поэмасын және қара сөздерін жатқа оқыған Дюсембай Аида мерейлі III орынға ие болды. Сондай-ақ, «Абай туралы» жыр толғаған ақын шәкірттер» аталымында Сания Амангелді 8 өлеңін жатқа айтып, қазылар алқасының назарына ілікті. Байқау қорытындысымен ол да III орынды еншілеп қайтты.

Ал, «Желсіз түнде жарық ай» аталымы бойынша хакім Абайдың әндерінен сайысқа қатысқан түскен келесі оқушымыз Қуаныш Диас тамаша белсенділігі үшін «Алғыс хатпен» марапатталды.

Қанатбек САНЖАР,
«Көзайым» газетінің тілшісі.



сыныбының оқушысы Мамажанов Амантұр, 10 «ә» сыныбының оқушылары Сатбол Еркежан мен Сұраған Хұмырзаққа және жетекшілері Е.Х.Рамазанова мен Г.Н.Жаменкеноваға алғысымызды білдіреміз.



қатысқан №2 жалпы орта білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Топанов Аңсат III дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, оның көркемдік жетекшісі Айтжамал Байдильдиноваға Алғыс хат табыс етілді.

Әкімшілік.

АЛҒЫС ЖАРИЯЛАДЫ

Павлодар облыстық Бұқар жырауатындағы әдебиет және өнер музейі «Махамбет жыры» атты поэзиялық және прозалық ХVІІІ қалалық конкурса қатысушыларды дайындағаны үшін Қорлығайын Советқызы Табуловаға және Гүлжан Шайхислямқызы Жәменкеноваға алғыс білдірді.



Акция

БІР ЕЛ – БІР КІТАП

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларына арналған «Қазақ поэзиясының аққан жұлдызы» атты поэзия кешіне белсенді қатысқаны үшін №2 жалпы орта білім беру мектебінің 9-шы сынып оқушысы Мұбаракова Еркежан Алғыс хатпен марапатталды.

МҰҒАЛІМДЕР ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жақында мектебімізде 2016-2017 оқу жылының аяқталуы бойынша директор жанындағы отырыс өтті.

Күн тәртібінде сыныптан-сыныпқа көшіру, 9 сыныптағы және 11 сыныптағы мемлекеттік емтихандар туралы сөз қозғалды. Оқу жөніндегі мектеп директорының орынбасарлары әр сынып қандай пәннен, қашан, қандай түрде емтихан тапсыратыны туралы мәліметтер берді. Сонымен қатар, оқу жылының

аяқталуына байланысты мектепшілік стенд рәсімделеді, кабинеттерде қайталау және емтиханға дайындық бұрыштары ұйымдастырылған.

Емтихан кезіндегі мұғалімдердің кезекшілігі бекітілді.

Сонымен қатар, мектеп өміріне қатысты әр түрлі сұрақтар талқыланды.

**Қорлығайын ТАБУЛОВА,
№ 2 ЖОББМ оқу-тәрбие
жұмысы жөніндегі
директор орынбасары.**



БАСТАУЫШЫМ - БАЛБҰЛАҒЫМ

Мектептің 2016-2017 оқу жылына бекітілген жылдық жоспары аясында бастауыш сыныптар арасында «Бастауышым - балбұлағым» апталығы тың тапсырмаларымен ерекшеленді. Оған 1-4 сынып оқушылары қатысып, шығармашылық өнерлерін көрсетті.

Апталық: өлеңді мәнерлеп оқу, ертегі қойылымдарын сахналау, қолөнершілер көрмесі, ұлттық ойын, үздік қабырға газеттері және 4 сыныптарының «ХХІ ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысы боп бірнеше маңызды кезеңдерді қамтыды. Оқушылар әр кезеңге үлкен жауапкершілікпен кірісіп, жеңіске жетуге құлшынып отырды. ең үздік өнер иелері «Өнерлі», «Шығармашыл», «Белсенділер», «Жас шеберлер» тағы да басқа аталымдар бойынша марапаттарға ие болды. Сондай-ақ, жыл сайын дәстүрге айналып келген аталмыш шара бұл жолы біршама өзгерістермен толықтырылғаны байқалды. Атап айтсақ, оқушылар берілген сөздерді үш тілде тәржімалап, логикалық

тапсырмалар мен жұмбақтарды шапшаң шеше білген және кез келген тақырыпта бірнеше мақал-мәтелдерді тоқтамай атап, пәндерге байланысты сұрақтарға нақты әрі тез жауап берді. Нәтижесінде, жүлделі І орынға ие болған 4 «а» сыныбы «ХХІ ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысының жеңімпазы атанып, ІІ орын 4 «ә», ал ІІІ орын 4 «б» мен 4 «в» сыныптарына берілді.

Оқушылардың білімдерін ұштап, шығармашылық таланттарын танытуға ұйытқы болған аталмыш шара өз мәресіне жетті.

**Гүлия АХМЕТЖАНОВА,
бастауыш сынып мұғалімі.**



БАСТАУЫШ СЫНЫПТАР АПТАЛЫҒЫНА ШОЛУ

«XXI ғасырдың көшбасшылары» сайысы



Қолөнершілер көрмесі



ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Бастауыш сыныптар арасында «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 4-сыныптар аталған іс-шараны бірлесіп өткізді.



Сабاق барысында салауатты өмір салты насихатталып, түрлі пайдалы жаттығулар жасалды.



«Масатыдай құлпырар жердің жүзі» мәнерлеп оқу сайысы.



Қабырға газеттерінен сайыс





Оқушылар денсаулық, теңгерімді тамақтану, күтіну және үйде де мектепте де тазалықты сақтау туралы өз пікірлерімен бөлісіп, сөздерін мақал-мәтелдермен тұжырымдады.

Соңынан сыныптар естелік суретке түсті.

А.МОЛДАШ.



Көзайым қоржынынан...

АНАШЫМ

Менің анамның есімі – Ардақ. Ол ақкөңіл, мейірімді және мен үшін өмірде орны ерекше адам. Мен анашымды өте қатты жақсы көремін. Ол да мені жақсы көреді. Анам маған жарық дүние сыйлады. Ол мені мәпелеп, ақ сүтін берді, еркелетіп өсірді. ауырғанда жазады, көңілсіз болғанда көңіліме шуақты нұрын төгеді. Танертең еркелетіп оятады.

Анам кейде қатал да болады. Әсіресе, сабақ оқығанда. Қайтсін, ол менің жақсы оқығанымды қалайды емес пе? Мен де оның сенімін ақтауға тырысамын. Анашым әрқашан ақыл айтудан жалықпайды. Онысын көбіне, мақал-мәтелмен жеткізеді. Оның маған үлгі ететін сүйікті мақал-мәтелдері мынау: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ». мен өмірімді анамсыз елестете де алмаймын. Себебі,

«Анам менің – өмірдегі тірегім,
Анам менің – кеудемдегі жүрегім.
Егер менің қасымда ол болмаса,
Бұл өмірде қалай өмір сүремін?!». Анама тілейтінім: ғұмыры ұзақ болсын!
Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт төнбесін.
Қасымда болсын анам,
Болайын мен де аман!

СӨЗ ЗЕРГЕРІ - ҰЛЫ АБАЙ

Сөз зергері – Ұлы Абай, дара тұлға,
Әр сөзі – терең мағына берген жырға.
«Бес асылын» әспеттеп, үлгі етіп,
«Бес жаманнан» жеріткен жығар орға.

«Алтауың араз болса, жиған-терген,
қаңбақтай жел ұшырған кетер сайға.
Еріншектік, арсыздық жойылсын» деп,
Ынтымаққа шақырған елді мына.

«Көзінің қарасы» боп қазағының,
«Желсіз түнде» іздеген жолды сара.
Сұлулықты паш етіп, бар әлемге,
Сәлемімен жолдаған, Қаламқасқа.

ҮЛГІ БОЛҒАН ШӘКӘРІМ МЕН ҰЛЫ АБАЙ

Көгімізде шашып тұрса, күн арай,
Өлең мен жыр біздер үшін мұра бай.
Алғы күнге жол сілтейтін жарық шам,
Біздер үшін Шәкәрім мен ұлы Абай



Аида ДЮСЕМБАЙ,
3 «а» сынып оқушысы



Үлгі болған сөздері талайларға,
Жетелейтін өлеңі сан ойларға.
Алаш елі асқарға адымдайды,
Алатаудай алдында Абай барды.

МЕН – СЕНІҢ БОЛАШАҒЫҢ, БАҚЫТЫҢМЫН

Мен үшін ұлағатың, салтың қымбат,
Мұра қып, өлмес байлық жиған сықап.
Данагөй Ұлы Абайдай дарындарды,
Әкелген бұл дүниеге өмір сыйлап.

Мен – сенің болашағың, бақытыңмын,
Тамшысымын, тағлымды уақытыңның.
Азат елмін, мына сен аңсап өткен,
Сынығымын, сынадай жақұтыңның!

Сания АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.



Өңір тарихы – Ұрпақтар тамыры



XIX-XX ғасырлардағы Ақсу өңірінің тарихы мен қазақтың рухани құндылықтарын сақтауға барынша адал, қалтқысыз қызмет еткен бірегей тұлғалар жайында толығырақ мәлімет алу мақсатында Кереку өңірін зерттеген танымал тарихшы, ғалым, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Омарұлы Артықбаевқа жүгінген едім.

- Жамбыл Омарұлы, өңір халқы Сізді тарихшы-ғалым, бірегей тұлға ретінде құрмет тұтады. Алайда, мол ізденіс пен асқан қажырлылықты талап ететін бұл саланы тандауыңызға не себеп болды?

- Артықбай деген бабам ертеде би болған екен. Әкем «халық жауы» деген айыппен екі мәрте тұтқында болған. Иркутскіден 1954 жылы елге оралған соң, елу жасында мен туыппын. Өзі «1959 жылы сен туғанда намазға жығылдым» дейтін. Ғылым дегенде ішкен асын жерге қоюшы еді. Өзі де ескі әңгімелерді көп айтатын. Ол менің ғалым болғанымды қалады. Шешем Баян аймағына танымал атақты Ақшал бірадардың қызы. Осындай тектілердің жұрнағы болғандықтан, менің халық алдындағы қарызым жоқ дей алмаймын.

- Ақсу өңірінің тарихына қысқаша тоқталып өтсеңіз?

- Ақсу - Ертіс бойындағы өзен аты. Бүгінгі күні Ертістің осы үлкен айрығының бойында ортанқол қала және әкімшілік аудан бар. Революцияға дейінгі деректерде біресе Ақсу, біресе “Белые воды”, немесе река “Белая” деген атпен кездеседі. Өзен

Ертіс арнасынан Май ауданының жерінде бастау алып, карама-қарсы «Қара қалаға» (қазіргі Ақсу қаласының маңында) келіп құяды. Ақсу қаласы 1993-ші жылға дейін Ермак атанғаны белгілі. 1890-ші жылдары Екібастұз, Сарыадыр кен орындарының ашылуына байланысты, Павлодар қаласынан 24 шақырым жерде (шығысқа қарай) Воскресенское айлағы ашылған. Керекулік көпес А.И.Деровтың ұйымдастыруымен «Воскресенское горно-промышленное общество» құрылып, айлақтың өсуіне, одан қырға қарай орналасқан кен орындарына темір жол салуға өз әсерін тигізді. Осы айлақ 1912 жылы орыс үкіметінің қолдауымен Ермак атанады. Ресей деректерінде Ақсу аты 1654 жылғы Ф.И.Байковтың Қытайға барған елшілік саяхатында аталады: «... и Федор из Тобольска пошел в Китайское царство от города Тобольска рекою Иртышем до Тарского города, судами ходу 4 недели 3 дня. На Тару пришел июля в 27 день, а с Тары пошел августа в 1 день вверх рекою Иртышем. А от Тарского города до Белых вод шел 5 недель 3 дни. А к Белым водам пришел 163-го сентября в 17 день. У Белых вод стоял за подводами 4 недели.

И калмыцкой тайшы Аблай прислал бухаретина своего Ирки-муллу, а с ним прислал подводы 40 верблюдов да 50 лошадей. А от Белых вод пошел к Аблаю-тайше в улус октября в 16 день. От Белых вод до Кабал Гасуна ходу 3 дни. Кабал-Гасун – калмацким языком, а по русский – полата кирпичная. Кирпич жженой, пустная, дело старинное. А от Кабал-Гасуна до Долон-Карагаю ходу 2 дня. Долон-Карагай – калмыцким языком, а по русский – стоят семь сосен» (5, с. 182). Ф.И.Байковтың жазуына қарағанда Белые воды (Ақсу) аталатын бекет осы аттас өзеннің бойындағы жер, шамасы қазіргі Ақсу өңірін тұспалдайтын сияқты. Кабал-Гасун – бүгінгі Май ауданы Қызыл Еңбек аулының маңындағы Қалабалғасын атты қимақ (кемек) дәуірінің тамаша ескерткіші. Біз 2001 жылы бұл ескерткіштің қалдығын совет заманында салынып, кейін қирап қалған баздардың орнынан әзер таптық. Ақсу қаласы мен Қызыл Еңбек ауылының арасы Ф.И.Байков айтқандай үш күндік жол, шамасы 150 км. (егер әр күні 50 шақырымнан жүрсе). Деректе айтылатын

Абылай тайшы қалмақтың хошоуыт руынан шыққан атақты билеушілердің бірі. Өте тынышсыз, баққұмдар адам болған, ақыры ағасы (шешесі бөлек, әкесі бір) Очирту – Цэцэн ханмен сиыспай Еділ бойына кетіп, сол жерде қайтыс болған. Оның тарихы қалмақтың атақты дінбасы-ғалымы Зая-Пандита күнделіктерінде жазылған (4).

Енді, жер атауларын қарап отырсақ, Ақсудың басында Шаған деген жер аты кездеседі. Ол қалмақтың тілімен «ақ» дегенді білдіреді. Бірақ, бұл жерде Ақсудың аудармасы емес, Абылай-тайшының баласы Шағанның аты болса керек. Осы Шаған-тайшы жанында Ирке-молда бар 1679-1678 жылы Мәскеуде болған. Егер өзен аты Шаған атанса, басқаша болар еді, мысалы Шаған-су. Қазақ жерінде қалмақ әсерімен Шаған аталған өзендер бар, олардың түркілік аты – Ақсу.

Бұл жерде әңгіме өзен суының түсіне байланысты емес. Ақсу – «ағыны қатты су» дегенді білдіреді, екіншіден, Ақсу Ертістің ұлы арнасынан гөрі өмір сүруге қолайлырақ болғандықтан да осылай атануы мүмкін.

- **Өзіңіз, қызметіңіз жөнінде қысқаша әңгімелеп берсеңіз?**

- Мен 1959 жылы **Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жаңақала** ауылында дүниеге келіппін. Үздіксіз, көп еңбектің арқасында 1997 жылы тарих ғылымдарының докторы, 2001 жылы профессор атағына ие болдым. 1984 жылы Қарағанды мемлекет университетінің тарих факультетін, Қазақстан ғылым академиясының Тарих, археология және этнология институтының аспирантурасын бітірдім. 1984–2001 жылдар аралығында Қарағанды мемлекет университетінің тарих факультетінде оқытушы, доцент, декан, профессор болып қызмет еттім. 1997 жылдан бері осында кафедра және лаборатория меңгерушісі, 2003 – 2008 жылдары Павлодар мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі, 2008 жылы Астана қаласындағы Мемлекет тарихы ғылым-зерттеу институты директорының орынбасары болып қызмет атқардым. «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғадым. Менің негізгі ғылыми еңбектерім 15–19 ғасырлардағы қазақ қоғамының этноәлеумет мәселелерін зерттеуге

арналған. Сондай-ақ, Қазақстан тарихы мәселелерін қарастыратын бірқатар кітаптар мен оқулықтардың авторымын.

- **Зерттеу жұмыстарымен айналысқаныңызға қанша уақыт болды? Және осы зерттеу барысында өзіңізді ерекше таң қалдырған жағдайлар болды ма?**

- Студент кезімде қазақтың жүздік құрылымы туралы мәселемен айналыса бастадым, одан кейін қазақ қоғамының XIX ғасырдағы этноәлеуметтік құырлымы деген үлкен дүниеге шықтым. Докторлықты «XVIII ғасыр» жөнінде қорғадым. Менің жас кезімде қазақтың өз заманымен, төл тарихымен, мемлекеттік құрылымымен айналысу құпталмайтын, бір жағынан қауіпті де болатын, осы бір ерлігім болар. Жылына ондаған өзімді таңқалдырарлық жаңалықтар ашам, кейбірі өзгелерге де қызық болар. Мысалы, Алаша хан бейнесінен көп жаңалық таптым, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырынан ғажап жаңалықтар аштым (ғаламтордан оқи аласыздар). Бүгінде қазақ аңыздары арқылы Орталық Азия тарихының «сақ және ғұн кезеңіне» шығып, аса қызықты және күрделі мәселелерді көтеріп жатырмын.

- **Ақкөл-Жайылма деп аталатын ұлан-байтақ аймақтың С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың Х.Арғынбаев атындағы этноәлеуметтік ғылыми орталықпен кешенді түрде зерттелгені белгілі. Сол жөнінде азырақ тоқтала кетсеңіз?**

- Ақкөл-Жайылма және Қалабалғасын кешендерін Керекуде жұмыс істеп жүрген кезде аштым. Екеуі де - тарихымыздың әлі зерттелмеген беттері. Бұйыртыса, бұл тақырыптарға қайта оралармыз. Бірақ, қазақ тарихын сипаттау да оңай емес, ол тілден, аңыздардан, қанмен бірілетін жадыдан өріледі. Ақкөл-Жайылма Алтын Орда заманында Шайбан әулетінің орталығы, ежелгі қонысы болған қасиетті орын. Ол жерде тас заманының да ескерткіштері, құрал-саймандары жатыр. Мен археологиялық зерттеу барысында тапқан жәдігерлерді Г.Н.Потанин атындағы музейге түгелдей тапсырып кеттім.

- **Қазіргі кезде сиясы әлі кеуіп үлгермеген ғылыми еңбектеріңіз бар ма? Болса, не туралы және ол қалай аталады?**

- Малайсары тархан туралы кітапты аяқтадым, бірақ демеуші боламыз деген адамдар «анау-мынау» деп шығара алмай жүр. Ертіс өңірінің елі тарихтан ерте ажырап қалған, бұл жерде отаршылдық қанау аса қатты жүрді. Патша заманында Ертіс бойындағы ел өз жерлерін өздері жалға алып отырған. Кеңес үкіметі де «өндірісті дамытамыз» деп орысты топ-тобымен айдап әкеліп, қазақ азшылықта, бейшара жағдайда қалды. «Малайсары» кітабында Ертіс өңірінің тарихына шолу жасадым. Бірақ, «бірден батыр туралы неге жазбадыңыз?» деген сұрақтар шығып, мәселе дауға ұласты. Жалпы, Ертіс өңірінің тарихынан басқаны айтпағанда, бірнеше кітап баспаға дайын тұр, оның ішінде «Қимақ (кемек) тарихы» сіздерге қажет деген ойдамын. Қара Ертістен бастап, Солтүстік мұзды мұхитқа дейінгі «Ертіс бойындағы жер-су атаулары» да аяқталып қалды. Жалпы Ақсу, одан әрі Май ауданына қарай толып жатқан әлі жазылуы тиіс жұмбақ дүниелер жетерлік. Малайсарыға байланысты кітапты аяқтадым, кейінірек ол туралы да ақпарат жібере жатармын.

- **«Көп еңбектің бір зейнеті бар» дегендей, еткен еселі еңбегіңіз ақталды ма?**

- Еңбегім еленбеді, ақталмады дей алмаймын. Екіншіден, әр нәрсе өз уақытында деген...

- **Алған ең жоғарғы марапатыңыз?**
- Халқымның ризалығы!

- Тағы бір маңызды сауалға жауап бере кетсеңіз. Зерттеу жұмыстарыңыз кезінде Ақсу-Павлодар өңіріне ерекше қасиетімен танымал болған қазіргі «Жаңа шаруа» ауылының тумасы Тастеке әулие (Тастембек Қожаұлы, жобамен 1924-25 жылдары дүниеден өткен) туралы жазбалар кездесті ме?

- Жоқ, ондай есімді кездестірмедім.

- **Сіз үшін өмірде ең маңызды не нәрсе?**

- Ғылым және уақыт болар...

- **Ізіңізді басып келе жатқан жас ғалымдарға қандай кеңес берер едіңіз?**

- Қабілеттері нені қалайтынын анықтап алса, ерінбей-жалықпай, өзгелермен санаспай, еңбек еткендері абзал.

- **Алдағы мақсаттарыңызбен бөліссеңіз?**

- Мақсат көп, нәтиже беріп жатса, уақытында көре жатарсыздар.

- **Уақытыңызды бөліп, әңгімелескеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз.**

Еңбегіңіз табысты, мерейіңіз әрдайым үстем болсын!

- Айгүл қарындасым, қаламың жүйріктігінен таймасын !

Айгүл МОЛДАШ.



**Редакторы: Айгүл МОЛДАШ және
«ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР» алқасы.**

**Мектеп газеті айына бір рет
шығады.
Бағасы 50 теңге.**



